

Қазақ КСР ҚІЖК қарағанда қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасы «азаматтық талапкер», «азаматтық жауапкер» түсініктеріне кең көлемді анықтама беріп, азаматтық талапкер құқықтарын кеңейтті.

Дегенмен 2004 жылға дейін заңнама қылмыстық іс жүргізуде қылмыс салдарынан келтірілген моральдық зиянның орнын өтеу туралы азаматтық талаптарды беру және оны қарау тәртібін қарастырмады. Тек 2004 ж. 9 желтоқсандағы қабылданған заң нормалары арқылы ҚР ҚІЖК 75, 162- баптарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, жәбірленушінің қылмыс салдарынан келтірілген моральдық зиянның орнын өтеу туралы талап арызы қылмыстық процесте келтірілген мүліктік зиянның орнын өтеу туралы талап арыздармен бірге қаралатын болды.

Сонымен қатар осы кезде сот-тергеу тәжірибесінде қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талап мәселелеріне байланысты бірқатар даулы сауалдар туындады. Осы орайда, ҚР Жоғарғы соты 2005 ж. 20 маусымда «Қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талапты қарау туралы» нормативті қаулы шығарды. Бұл қаулыда құқық қолдану тәжірибесінде қиындық тудырушы мәселелер бойынша түсініктемелер берілді.

1. Жеребятъев И.В. Личность потерпевшего в современном уголовном судопроизводстве России. – Оренбург: РИК ГОУ ОГУ, 2004. – 170 с.
2. Фойницкий И.Я. Курс уголовного судопроизводства. – СПб.: Альфа, 1996. - Т. 1. – 13 с.
3. Киргизская степная газета. Человек, общество, природа, 1888-1902 / Составитель У. Субханбердина. – Алматы: Ғылым, 1994. – 155 с.
4. Сапарғалиев Г. Основы государства и права Казахстана. – Алматы: Атамура, 1994. – 13-19 с.
5. Озбекулы С. Право кочевой цивилизации. – Алматы: Мектеп, 2002. – 129 б.
6. Материалы по истории государства и права Казахстана: Вторая половина XIX — начало XX вв. / Сост. С. Сартаев, С. Созакбаев. – Алматы, 1994. – 273 с.
7. Озбекулы С. Право кочевой цивилизации. – Алматы: Мектеп, 2002. – 134-135 с.
8. Киргизская степная газета. Человек, общество, природа, 1888-1902 / Составитель У. Субханбердина. – Алматы: Ғылым, 1994. – 14 с.
9. Жеребятъев И.В. Личность потерпевшего в современном уголовном судопроизводстве России. – Оренбург: РИК ГОУ ОГУ, 2004. – 180 с.
10. Ауешова Б.Т. Институт обязательства в обычном праве казахов и его значение в современности: дисс. ... канд. юрид. наук. – Алматы, 2006. – 75-76 с.
11. Сол жерде. 75-76 с.
12. Викторский С.И. Русский уголовный процесс. – М.: Городец, 1997. – 284 с.
13. Российское законодательство X-XX вв. Судебная реформа. – М.: Юридическая литература, 1991. - Т. 8. – 120-121 б.
14. Юношев С.В. Адвокат- представитель потерпевшего: дисс. ... канд. юрид. наук. - Самара, 2000. – 28-34 б.
15. Фойницкий И.Я. Курс уголовного судопроизводства. – СПб., 1996. - Т. 2. – 77-78 с.
16. Советская прокуратура. Сборник важнейших документов. – М.: Юридическая литература, 1972. – 5 с.
17. Савицкий В.М. Уголовный процесс России на новом витке демократизации // Государство и право. – 1994. – № 6. – 96 с.

In given article occurrence, formation and development of institute of the civil suit in criminal trial is considered.

В данной статье рассматривается возникновение, становление и развитие института гражданского иска в уголовном процессе.

О. Аугамбай

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУДЕГІ ДӘЛЕЛДЕУГЕ ЖАТАТЫН ЖАҒДАЙЛАР

Ұсынылып отырған мақалада қазіргі қоғамдағы маңызды әлеуметтік және құқықтық мәселелердің бірі ретінде танылатын экономикалық қылмыстарды анықтау, ашу және тергеу қарастырылады. Мемлекеттің экономикасын сақтау, Қазақстанның экономикасына төнген қатер жайындағы мәселе қайсыбір қоғам мүшесін де толғандырмай қоймайды. Жұмыста дау-дамайлы, шешім таппаған қылмыстық істерді қосымша зерттеу және тиімді ұсыныстар жасау

экономикада заңсыз айналымымен тікелей байланысты қылмысты ашу мен тергеудің тактикалық ерекшеліктері қарастырылады.

Негізгі мақсат- қылмыстық істегі қылмыс құрамының белгілерін анықтау және экономикалық қылмыстардың жағдайын көрсету. Қылмыстық-процессуальды заң және дәлелдемелер теориясы бұл жөнінде ортақ көзқарастар ұсынумен қатар, алдын ала тергеу мен сотпен қарастыру кезеңіне дейінгі дәлелдемелерді қарастырады. Алайда тергеуші өз қызметінің шеңберінде құқыққа қайшы іс- әрекетті ашуға бағытталған іс- қимылын тек қылмыс жағдайын ғана бекітпей, сонымен қатар қылмысты жасау механизмінің мінездемесін көрсетіп қана қоймай, қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес дәлелдеу пәніне кірмейтін басқа да жағдайларды анықтайды. Тергеушінің көз алдына қылмыс жасалмай тұрып қылмысқа ықпал еткен жағдайлар мен қылмыс аяқталғанға дейінгі жағдайлар ашық, айқын жағдайлар тізбегіне айналады. Негізінен осы жағдайлар тізбегі нақты, тиянақты түрде зерттеп сараланбаса қылмыстық істің ашылуы қиынға соғады. Яғни, ақиқатқа жету мүмкіндігі азаяды.

Криминалистикалық қылмыстық құқықтық мінездемесі ҚіК-нің 117- бабының қарастырылуына сәйкес, өз есебінде осы қылмыстарды саралап дәлелденетін пәндерін көрсетіп, экономика саласындағы тергеу әдістемесіне жекелеген өзіндік, қысқаша, ортақ тергеу бағдарламасын ұсынып отырмын. Экономикалық қылмыстар топтамасы өзіндік ерекшеліктерге ие. Дәлелдеуге жататын негізгі жағдайларды дұрыс анықтау, тергеліп жатқан қылмысты криминалистикалық тұрғыдан дұрыс анализ жасауды талап етеді. Сондықтан экономикалық қылмыстардың жеке элементтерін криминалистикалық анализ жасау барысында дәлелдеуге жататын жекелеген параметрлерімен керекті сұрақтарды қалыптастыруға нақты қол жеткізеді. Айта кететін болсақ, заңсыз кәсіпкерлік, жалған кәсіпкерлік, жалған банкроттық қылмыстарының қылмыстық құқықтық формуласын ғана емес, сонымен қатар сол қылмыстарының жасалу ерекшелігін қарастырылу қажет. Жағдайлардың тізбегі осы тергеліп отырылған істің негізін құраушы болуы тиіс. Алайда осы бағдарламалар тек осы қылмыстық іс жүргізу пәніне қатысты ғана емес, сонымен қатар қылмысқа ықпал еткен басқа да өмірге лайықты жағдайларды қарастыруы керек.

«Бағдарлама» терминінің мән-мағнасына келетін болсақ, бағдарлама деп- белгілі бір іс- қимылды басшылыққа алуды, тергеу жоспарының негізін қалаушы, кез -келген тәжірибелі тергеушінің істі қолға алған кезде, сол іске сәйкес жасалатын жұмыстарды айтамыз [1]. Бұл бағдарламаны белгілі бір формулалар жиынтығы деп қарастыруға болмайды немесе нұсқау ретінде қолдануға жол берілмейді. Әлбетте әр қылмыстық істі жеке индивидуалды түрде қарастыру қажет. Экономикалық қылмыстарды тергеу үшін тергеуші өз кезегінде тактикалық құқықтық негіздерді модельдеуге міндетті. Біздің жағдайымызда тергеу процесін тергеу болжамдары бастай алады, оларды тағы ойша модельдер деп айтады. Тергеу болжамдарының гносеологиялық рөлі экономика саласындағы қылмыстардың бастапқы ақпаратында бекітілген. Яғни, танылатын, дәлелденетін жағдайлар өз кезегінде құқықтық тактикалық мақсаттар жиынтығын құрайды. Ол тергеушінің осы жағдайларды ой-елегінен өткізу арқылы ретроспективті және перспективті модельдердің қарым қатынасынан пайда болдады. Мысалы, бастапқы ақпаратты тергеушінің саралауына байланысты қылмысты жасау моделінің қай болжамға жататыны анықталады. Яғни тергеушінің ой қызметі арқылы осы құжаттар мұқият зерттеліп өз кезегінде қылмыс болжамын тудыруы қажет.

И.М. Лунгиннің болжам түсінігіне байланысты пайымдауына жүгініп көрелік: «Болжам деп- өз кезегінде, қылмыс оқиғасына қатысты ой тұжырымдамаларымен дәлелденетін фактілердің өз ара қатынасын айтамыз»[2]. Экономикалық қылмыстар саласына осы тергеу әдістемесін қолдана отырып тергеушінің ой тұжырымдамалары заңсыз кәсіпкерлік, жалған кәсіпкерлік, жалған банкроттық қылмыстарының жағдайларын болжам ретінде қолдану үшін, осы жағдайлар шынайы фактілерге ғана негізделуі міндетті. Сонымен қатар Ларин А.М. тұжырымдамасы бойынша: дәлелдену пәнінің болжамын ортақ деп қарастырса, дәлелдеу фактілері мен әртүрлі дәлелдену қайнар көздерін жеке деп қарастырады [3].

Негізінен, тергеуші қылмыстық іс бойынша тергеу болжамын құрайды, ол ұйымдастырылған тергеу мінездемесін анықтауға бағытталған. Осы болжамдарға және

іздестіру болжамдары да жатады. Сонымен, айта кететін болсақ, криминалистикалық болжам-абстрактілі ғылыми категория ретінде экономикалық қылмыстарды тергеу бағытындағы криминалистикалық мінездеме мен тәжірбиеде қолданылатын мәні бар. Экономикалық қылмыстарды тергеу барысында қолданылатын ортақ болжамдарды көрсете кетейік:

Заңсыз кәсіпкерлік, жалған кәсіпкерлік немесе жалған банкроттық қылмысын кіммен және қалай жасалынғанын. Ортақ болжамның пәні жасалынған қылмыстың оқиғасы болып табылады. Осы жағдайдың қылмыс ретінде жіктелуі және криминалды бизнесті жасаған кім және оның кінәлілігін анықтау. Жеке болжамның пәні осы іске қатысты жағдайлар болып табылады, олар- дәлелденетін фактілер мен әртүрлі дәлелдеме қайнар көздері. Жеке болжамдарға тоқталып кететін болсақ:

- заңсыз кәсіпкерлік, жалған кәсіпкерлік, жалған банкроттық қылмыстары заңды немесе жеке тұлғамен жасалынады.

- кәсіпкерлік қызмет (арнайы) рұқсатсыз жүзеге асырылады немесе берілген арнайы рұқсаттың уақыт мерзімі өтіп кеткен немесе арнайы рұқсат кәсіпкерліктің басқа саласына берілген жағдайда.

- кәсіпкерлік қызмет қылмыстық фальсификация салдарынан өндірумен айналысу немесе жалған акцизді сату мен айналысу немесе несие банк саласында қызмет көрсету саласында жұмыс атқару.

- жалған кәсіпкерлік, заңсыз кәсіпкерлік, жалған банкроттық басқа құжаттар арқылы жүзеге асырылған.

- қылмыстық шаруашылық қызметінде үлкен немесе ас үлкен пайда табуға бағытталған.

- жалған кәсіпкерлік, заңсыз кәсіпкерлік, жалған банкроттық ұйымдасқан топпен немесе қауымдастықпен жасалынған.

- криминалды бизнес басқа да қылмыстармен байланыста.

Болжам түрлерін көрсету тергеу барысын жекешендіріледі. Ол үшін тергеуші өз кезегінде криминалистикалық абстрактілеу мен болжау әдістемесін экономикалық қылмысты жасалу механизімін анықтап істі ашу әдістерін қалыптастыруы қажет. Сондықтан криминалистикалық мінездеме мен тергеу болжамын әлі ашылмаған, көрінбей тұрған фактілерді анықтап табуға жол береді. Шаруашылық экономикалық қылмыстарды жоспарлай өз кезегінде нақты тергеу мақсаттарын анықтап, оны құқықтық мақсаттар жүйесімен, тактикалық әдістер жүйесінен қарастыруға мүмкіндік береді. Қылмыстық істі жоспарлауда тергеуші мыналарды көрсете алады: жағдайға байланысты қандай мәліметтер бар; дәлелдеуге жататын жағдайлар; тергеу әрекеттері; жедел іздестіру шаралары және олардың өтелу мерзімдері; тергеу іс-әрекетіне қатысушылардың құрамы; тергеушіге көмек көрсететін тұлғалар; басқа да тергеу және іздестіру құрылымдарымен ара қатынасы; іс бойынша құжаттар тізімі мен ғылыми техникалық материалдар т.б. қажет болатын құжаттар. Тергеуді жоспарлаудың нәтижесінде тергеуші өндіру бағдарламасын жасайды. Экономикалық қылмыстар және коррупциялық қылмыстармен күресудегі мемлекеттік құқық қорғау органдарының құрылымдары, конструктивті жоспар ретінде бірігіп, жалған кәсіпкерлік, заңсыз кәсіпкерлік, жалған банкроттық қылмыстарына қарсы фактілерін анықтау мен осы қылмыстарға жол бермеуге, алдын алуға ортақ бағдарлама жасауы тиіс. Ортақ жоспарда тек ортақ іс шаралар мен ақпараттармен алмасудың қайнар көздері анықталады. Тергеу жоспары күнтізбелік жоспарға ұқсас болуы тиіс. Тергеушінің жекелеген жұмыс күніне қойылатын талаптар мен мүмкіндіктеріне бағытталуы тиіс. Жұмыс уақытын бөліп қарастырсақ ол: өндіру тергеу жұмыстарына процессуалды шешімдер қабылдау оларды рәсімдеу және резервті уақыт деп бөлуге болады. Ұсынылған болжамдар тиянақты түрде тергеу іс-әрекеттерімен және жедел іздестіру шараларымен тексеріліп анықталады.

Тергеушінің басты мақсаты- қылмыс оқиғасын анықтау және қылмыс субъектісін ашып көрсету. Қылмыс оқиғасын дәлелдеу дегеніміз- ол қылмыстық іс-әрекет пәнін анықтау жағдайы, қылмысты жасау әдісі, себеп-салдарын анықтау болып табылады. Ол ҚР ҚК-нің 190, 192, 217[4]-баптарында көрсетілген.

Біздің көз қарасымызша экономикалық қылмыстарды дәлелдеу жағдайларының топтамасына мыналарды жатқызуға болады:

- заңсыз кәсіпкерлік, жалған кәсіпкерлік, жалған банкроттық қылмыстары осы іс бойынша орын алды ма;

- заңсыз кәсіпкерлікпен тіркеусіз жұмыс атқарылды ма;

- кәсіпкерлік қызмет арнайы рұқсатсыз жұмыс атқарды ма;

- кәсіпкерлік қызмет лицензия шарттарын бұзу арқылы жұмыс атқарды ма;

- кәсіпкер немесе ұйым үш ай мерзім ішінде несие берілу күнінен бастап төлемдерді жасауды тоқтатты ма;

- ресми түрде кәсіпкерді неме ұйымды қарызданушы кәсіп орын деп жариялап, оның өзін өзі жою туралы сот шешімі күшіне енді ме;

- Субъектінің банкрот деп жариялануы орын алды ма, орын алса қылмыстық залал келтіру мен басқа да қылмыстық іс- әрекеттерінің байланысы;

- мүліктік жалтару және мүліктік міндеттемелерінен жалтару (мүлікті тіркеуден шешу, басқа жерге апару, мүлік туралы мағлұматтар бермеу т.б.)

- келтірілген залал мөлшері (мемлекетке келтірілген залалы, төлелмеген төлемдер немесе толеуден жалтару) [5].

- ұрлауға қатысты істерді тергеу оларды дәлелдеуге жататын жағдайлар қатарына қосу. Ол жағдайларды айтатын болсақ:

- заңсыз кәсіпкерлік, жалған кәсіпкерлік, жалған банкроттық қылмысының жасалынған орны, уақыты, жағдайы.

- қылмыстық ниеттің болуы

- сезікті тұлғаға қатысты мағлұматтар (жұмыс орны, мінездеме, соттылығы, қылмыс жасау әдістері, қылмыстық топтағы орны т.б.)

- қылмыстық топ туралы және қылмысқа қатысушылар туралы мағлұматтар (құрамы, саны, техникалық жабдықталуы, басқа қылмыстық топтармен сыбайластығы)

- жәбірленушіге қатысты мағлұматтар, қылмыскермен байланыс болған жағдайлар;

- заңсыз кәсіпкерлік, жалған кәсіпкерлік, жалған банкроттық қылмыстарының жасалуына қолайлы жағдайлар [5].

Айта кететін мәселе тергеушіге тек қылмыстық және қылмыстық процессуалдық заңды ғана білмей, сонымен қатар экономика саласындағы әртүрлі механизмдерді білу қажет. Олар: құнды қағазы нарығы, несие қаржы саласы, жанармай энергетика салалары айтуға болады. Бұл салаларды білу өз кезегінде қылмыстың мән- мағнасын анықтауға, ашу жолдарын бағытын табуға септігін тигізеді.

Қорытындыға келгенде экономикалық қылмыстардың тергеудегі жекеленген элементтерді анализдеумен криминалистикалық мінездемені синтездеу, жекелеген нысандарға бөлу, тергеушінің ой жүйесінде, сана сезіммен қылмыс оқиғаларын модельдеуге көмектеседі. Өз кезегінде, біздің ойымызша, ол жекелеген болжамдар құруға, тергеу жоспарын қалыптастыруға, қажетті тергеу және жедел іздестіру шараларына таңдауға септігін тигізеді. Осы элементтердің барлығы қылмыстық істің сәтті ашылуына ат салысады. Егерде экономикалық қылмыстардың өзекті мәселелеріне келетін болсақ, олар қазыргі ғылыми инновациялық дәуірде экономикалық қылмыстардың жаңа түрлері пайда болуда. Яғни, тергеушіге қойылатын талапта соған сәйкес артуда. Тергеуші заман талабына байланысты дамып жетілуі міндетті. Мен ұсыныс ретінде экономикалық қылмыстармен жоғары деңгей де айналысуға шақырамын. Бұл зиянды әлеуметтік құбылыспен жан-жақты күресу керек. Құқық қорғау органдарының барлық бөлімдері бұл қылмыстармен күрес жүргізуде өзінің күштерін, мүмкіндіктерін біріктіру керек. Экономикалық қылмыстармен күрестің күшейтілгеніне дәлелдің бірі – ар- намысын бір тиынға сататын құқық қорғаушылардың қатары сиреп келеді.

Экономикалық қылмыстармен байланысты қылмыстарды тергеуде криминалистік әдістемелік ұсыныстарды даярлау қажет. Сонымен бірге бұл қылмыстарды алдын алу қажет. Экономикалық қылмыстарды ашу мен тергеу және алдын алуда осы мәселелерді одан әрі теориялық ғылыми зерттеу жұмыстарына ұластыру көзделеді.

1. Сологуб Н.М., Евдокимов С.Г., Данилова Н.А. Хищения в сфере экономической деятельности: механизм преступления и его выявления // Методическое пособие. – Москва, 2002. – 256 с. (11 с).
2. Лузгин И.М. Моделирование при расследовании преступлений: монография. – Москва, 1981. – 164 с.
3. Ларин А.М. Расследование по уголовному делу. Планирование. Организация. – Москва, 1970. – 92 с. (69 с).
4. Уголовный Кодекс Республики Казахстан, ст. 190, 192, 217.
5. Утебаев Е.К. Обстоятельства, подлежащие доказыванию при расследовании экономических преступлений // Вестник СГУ им. Шакарима. – Семипалатинск. – №3.-2001. – С. 124-126.

Author expounding this article stresses that the analysis of the structure of individual elements of criminal characteristic and synthesizing them in summary form, the investigator will mentally simulate what happened criminal event. In turn, in our opinion, this will contribute to the formation of certain versions, a plan the investigation, the choice of the necessary investigative and operational-investigative actions, and, in general, the success of the investigation and solve the crime.

Автор, излагая данную статью, подчеркивает, что анализ структуры отдельных элементов криминалистической характеристики и синтезирование их в обобщенной форме позволит следователю мысленно смоделировать происшедшее преступное событие. В свою очередь, по нашему мнению, это будет способствовать формированию определенных версий, разработке плана расследования, выбору необходимых следственных и оперативно-розыскных действий и, в целом, успеху расследования и раскрытия преступления.

Е. Аунекоев

ТҮСТІ МЕТАЛЛ ҰРЛЫҒЫН ТЕРГЕУДЕГІ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАНЫҢ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ

Қазіргі таңда металл ұрлау қылмыстары тоқталмай тұр. Түсті металл ұрлығының қоғамға қауіптілігі анық. Ол мемлекетке және қоғамға, адамның заңмен қорғалатын материалдық және моральдық құндылықтарына түбегейлі нұқсан келтіреді. Металл ұрлығын нәтижелі ашу үшін, алдымен, оның криминалистикалық сипаттамасының түсінігіне назар аударған жөн.

Түсті металл сынығы мен түсті металдан жасалған бұйымдар ұрлығының тергеуде көбінесе тергеушінің біліміне және аталған қылмыс түрінің криминалистикалық сипаттамасын дұрыс қолдануына байланысты. Оның элементтерімен танылған заңды байланыс арасында қылмыскерді, ұрланған мүлікті іздестіруе бағытталған болжамдар құруға және тағы басқада әрекеттерді ұйымдастыруға көмектеседі.

Л.А. Сергеев [1] пен А.Н. Колесниченко [2] қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының түсінігі мен терминін ғылымға енгізгені белгілі.

Алайда әдебиеттерде «қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы» термині пайда болуына дейін, криминалистиканың жеке әдістемесінде қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу, оның кейбір элементтері ретінде: Қылмыс жасау мен ізін жасыру тәсілі, қылмысты жүзеге асыру жағдайы, орны, уақыты, басқада шарттары, бастапқы мәліметтің сипаты және тағы басқалары жатады [3].

Оның дамуы мен қалыптасуы П.И. Любинскийдің идеясымен байланысқанын жоққа шығаруға болмайды. Ол қылмыстарды тергеу мен оның нәтижелі ашылуы үшін қажетті тұжырымдалған талаптарды сақтау керек, сондай-ақ тергеу алдында тұрған оқиғаның криминалистикалық сипаттамасын құрастыру керек екендігі туралы айтып кеткен. Ол криминалистикалық сипаттаманы криминалистикамен қатар, сот медицинасы, криминалдық-психологиядан ілім ретінде қарастырған. Ол үшін П.И. Любинский «не ?, кайда ?,

қашан ?, кім ?, кімнің көмегімен?, неге?, қандай әдіспен?» деген классикалық рим формуласын қолданды. Осы кезден бастап, кеңестік криминалист ғалымдар тергеу тәжірибесін зерттей және жалпылай отырып, жекелеген қылмыс түрлеріне тән белгілер мен бірқатар заңдылықтарды анықтады [4].

Қылмыстың криминалистикалық құрылымы мен мазмұнының түсінігі О.Я. Баева,